


KELLY

Better Tillage. Better Tomorrow.

Kelly Tillage System 3009NT Пайдалану нұсқаулығы

KTOM-D-01012023



СЕРИАЛЫҚ НӨМІРІ:

KELLY

Телефон: +61 8 8667 2253
Электрондық пошта: sales@kellytillage.com
kellytillage.com

Booleroo (Штаб-пәтер)
684 Kelly Road,
Booleroo Centre SA 5482

Adelaide Office
28 Greenhill Road,
Wayville SA 5034





3009NT Kelly Tillage өнімін сатып алғаныңызға рақмет!

Осы нұсқаулық анық әрі түсінікті болады деп үміттенеміз. Қолдау немесе көмек қажет болса, бізге хабарласыңыз.

Қосалқы бөлшектерді (қажет болса) жергілікті дилерден немесе тікелей Kelly ұжымына хабарласу арқылы сатып алуға болады.

Kelly компаниясына пікір жіберсеңіз болады. Қиындықтар туындаса, өнімдерімізді жақсартуы мүмкін ұсыныстарыңыз немесе өзгертулеріңіз болса, пікіріңізді асыға күтеміз.

Байланыс ақпараты

Австралия

Booleroo (Штаб-пәтер)
684 Kelly Road,
Booleroo Center SA 5482

+61 8 8667 2253

Дүйсенбі - жұма
8am - 4pm ACDT

Adelaide
28 Greenhill Road,
Wayville SA 5034

+61 8 8667 2253

Дүйсенбі - жұма
8am - 4pm ACDT

Әлем бойынша орналасқан жерлері

Шығыс Канада
Leading Edge Equipment
www.leadingedgeequipment.ca
1-519-421-3223

Дүйсенбі - жұма
08:00 - 16:00 EST

Батыс Канада
Adair Sales and Marketing Co Inc
www.adairreps.com
1-306-773-0996

Дүйсенбі - жұма
08:00 - 17:00 CST

АҚШ
Hood and Company
+1 417-865-2100

Дүйсенбі - жұма
08:00 - 16:00 CST

Еуропа
kellytillage.com
+61 8 8667 2253

Дүйсенбі - жұма
08:00 - 16:00 ACDT

Аргентина
Giorgi Sa Maquinarias Agricolas
www.giorgi.com.ar
+54 3464 493512

Дүйсенбі - жұма
08:00 - 17:00 ART

Оңтүстік Африка
Desmond Whitfield CC
+27 82 567 8245

Дүйсенбі - жұма
08:00 - 16:00 SAST

Мазмұны

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Сигналдық сөздер	4
Қауіпсіздік нұсқаулары	4
Жалпы пайдалану	5
Тасымалдау	5
Гидравлика	5
Техникалық қызмет көрсету және тексеру	5
Ескерту белгілері - жеке орнату	6-16

1-бөлім - Кепілдік

Кепілдік саясаты	17
Өнімді тіркеу үлгісі	18

2-бөлім - Машинаны пайдалану

Пайдалану алдында	19
Пайдалану алдындағы тексеру тізімі	19
Пайдалану алдында машина параметрлерін орнату	20
Қол тежегіш	21
Тежегішті орнату	22
Негізгі қолданыс - Маңызды орындар	23
Негізгі қолданыс - Жаю	24 - 27
Негізгі қолданыс - Жинау	28 - 30

3-бөлім - Шынжырды пайдалану және дұрыс орнату

Шынжыр керілісінің маңызы	31
Шынжыр керілісі - Модульдер	32 - 33
Шынжыр керілісі	34
Шынжыр керілісі - Гидравликалық созатын артқы шынжырлар	35
Шынжыр қисығы	36
Шынжыр биіктігін дұрыс реттеу	37
Артқы шынжыр қанатын бекіту үшін биіктікті реттеу	38
Шынжырдың бекіту пластинасының биіктігін реттеу	39
Алдыңғы А рамасының биіктігін реттеу	40
Мінсіз қолданыс нәтижелері үшін дәл реттеу	41
Конусты тізбек ұшының (TCE) маңыздылығы	42
Тізбекті орнату	43 - 49

4-бөлім - Гидравликалық реттік клапандар

Реттік клапанды шолу	50
Реттік клапан коллекторы - Диаграмма	51
Клапан функциясының түсіндірмесі	52
Зауыттық параметр: V12.5 реттік клапан коллекторларына арналған кесте	53
692196, V12.5 - Бөлінген тізбек	54
Жүктемелі ұстау клапандар	55
Кері клапандар	55

5-бөлім - Техникалық қызмет көрсету және тексеру

Техникалық қызмет көрсету және тексеру	56
Ұсынылған техникалық қызмет көрсетудің тексеру тізімі	57
Шынжырды тексеру	58
Ақауларды жою	58 - 59
Ақауларды жою - Гидравликалық реттік клапандар	60 - 68

6-бөлім - Техникалық сипаттамалар

Пайдалану жылдамдығы	69
Шина қысымы	69
3009NT техникалық сипаттамалары	69
Болттың айналдыру моментін орнату	69
Дискілі шынжыр ұзындықтары және мөлшері	70
Ескертпелер	71

Қосымша 12 ай кепілдік алу үшін машинаны сатып алғаннан кейін 2 ай ішінде тіркеңіз. Тіркеу туралы ақпарат 9-бетте берілген

Қауіпсіздік туралы ақпарат



Құрылғыны пайдаланбай тұрып, барлық пайдалану нұсқауын оқып, барлық суретті қараңыз

	САҚТАНДЫРУ
	<p>НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ САҚ БОЛЫҢЫЗ ҚАУІП ТӨНІП ТҰР</p> <p>Осы белгіге назар аударыңыз. Ол денсаулыққа немесе қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін қауіптерді білдіреді.</p>

Сигналдық сөздер

Сигналдық сөз: **ҚАУІП**, **ЕСКЕРТУ** немесе **САҚТАНДЫРУ** қауіпсіздік туралы ескерту белгісімен бірге қолданылады.

Бұл белгілерді машинадан немесе осы нұсқаулықтан байқасаңыз, өзіңіздің немесе басқалардың қауіпсіздігіне қатысты нұсқауларға назар аударыңыз.

Осы нұсқаулар орындалмаса, жарақатқа не өлімге әкелуі мүмкін.



ҚАУІП - алдын алмаған жағдайда **ӨЛІМГЕ НЕМЕСЕ АУЫР ЖАРАҚАТҚА** әкелетін тікелей қауіпті жағдайды білдіреді.



WARNING - алдын алмаған жағдайда **ӨЛІМГЕ НЕМЕСЕ АУЫР ЖАРАҚАТҚА** әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді.



САҚТАНДЫРУ - алдын алмаған жағдайда **ЖЕҢІЛ НЕМЕСЕ ОРТАША ЖАРАҚАТҚА** әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді.

Осы нұсқаулықтағы және машинадағы барлық қауіпсіздік тармағын мұқият оқып шығыңыз. Барлық сақтандыру белгісін жақсы күйде ұстап, тозған не жоғалғандарын ауыстырыңыз. Оны жергілікті дилерге хабарласу арқылы ауыстыруға болады.

Қауіпсіздік нұсқаулары

- Бұл жабдық оның жұмысымен таныс емес адамдар үшін қауіпті.
- Осы нұсқаулықты оқымай және қауіпсіздік сақтандыруларын толық түсінбей, осы құрылғыны пайдалануға немесе құрастыруға әрекеттенбеңіз.
- Есірткі немесе спирт әсерінде болған кезде бұл жабдықты пайдалануға әрекеттенбеңіз.
- Қауіпсіздік нұсқауларын жыл сайын барлық пайдаланушымен бірге қарап шығыңыз.

Ескертпе: Сол және оң жақ машинаның артқы жағында тұрып, алға қарау арқылы анықталады.

Жалпы пайдалану

- Ауадағы қуат желілерінің астында және электрлік бағандар айналасында аса сақтық танытып жұмыс істеңіз: жанасу болса, операторды ток соғуы мүмкін.
- Техниканы пайдалану кезінде жақын жердегі аймаққа ешкімді жақындатпаңыз.
- Қанаттар көтерілген немесе түсірілген кезде алыс тұрыңыз.

Тасымалдау

- Үнемі қауіпсіз жылдамдықпен жүріңіз. **25 км/сағ МӘНІНЕН АСЫРМАҢЫЗ.**
- Шынжырлар жерге тимеуі керек.
- Төтенше жағдайда тоқтату қауіпсіз болуы үшін, жылдамдық аз болуы керек. Сондай-ақ бұрылмай тұрып, жылдамдықты азайтыңыз.
- Ауыл шаруашылық техникасын жолда тасымалдауға қатысты елдің, штаттың, аймақтың, облыстың немесе қаланың заңдарын қараңыз..

Гидравлика

- Машина тасымалдау күйінде немесе жұмыс күйінде толықтай созылмаған болса, ЕШҚАШАН гидравликалық шлангілерді немесе шеттерін алып тастамаңыз. Гидравликалық шлангілер мен фитингілерді ажыратпай тұрып, барлық гидравликалық қысымды босатыңыз.
- Барлық фитинг пен шланг жақсы күйде екенін тексеріңіз.
- Гидравликаны қысым астында тексерген кезде жарақат алмау үшін бет пен қолды қорғайтын немесе жеке қорғаныс жабдығын киіңіз.
- Гидравликаны пайдаланбай тұрып, барлығы таза екеніне көз жеткізіңіз.
- Гидравликалық сұйықтық деңгейлері мен қысымын тиісті деңгейде ұстаңыз.

Техникалық қызмет көрсету және тексеру


- Дұрыс техникалық қызмет көрсету — сіздің жауапкершілігіңіз.
- Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету және тексеру міндетті.

Техникалық қызмет көрсету нұсқаулары 5-бөлімде берілген.




Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілікті дилерге дереу хабарласыңыз, машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату




Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз, машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату




Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз,
машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату




Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз,
машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату




Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз,
машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату




Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз,
машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату




Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз,
машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату




Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз,
машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату




**Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз,
машинаны қолданбаңыз**

Ескерту белгілері - жеке орнату




Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз,
машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату



Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз, машинаны қолданбаңыз

Ескерту белгілері - жеке орнату



**Сақтандыру белгісі жетіспесе, жергілкті дилерге дереу хабарласыңыз,
машинаны қолданбаңыз**



Бөлім 1 - Кепілдік

Кепілдік саясаты

Машинада Kelly компаниясы ұсынбаған түпнұсқа емес бөлшек қолданылса, машина кепілдігі өз күшін жояды.

Дилер машинаның жұмысқа жарамдылығы мен орнатылымын құрастыру және пайдалану нұсқаулықтарына сәйкес тексеретіндіктен, Kelly компаниясы өнімдерін сатып алушыға жеткізген уақыттан бастап он екі (12) ай бойы сапасы мен материалдарында ақаулар жоқ екеніне кепілдік береді.

Жер қазатын құралдардың материалы мен сапасында ақаулар жоқ екені туралы 20000 гектарға дейін кепілдік беріледі. Қосалқы кескіш диск жүздерінің сапасы мен материалында ақау жоқ екеніне ғана кепілдік беріледі. Барлық басқа жер қазатын құралдың тозуға қатысты кепілдігі 20000 гектарды қамтиды.

Машина жеткізілген күннен бастап 2 ай ішінде тіркелсе, Kelly компаниясы дилерге қосымша 12 айлық кепілдік ұсынады. Машинаны тіркеу процесін Kelly веб-сайтында немесе оператор нұсқаулығындағы Kelly жеткізген кепілдікті тіркеу үлгісі арқылы сатып алушы немесе дилер жүргізуі тиіс.

Kelly кепілдік саясатына сатып алушыға табысталғаннан кейін өнімнің дұрыс құрастырылмауы, дұрыс пайдаланбау, өзгерту, тасымалдау кезіндегі зақым немесе тиісті өнім нұсқаулығында берілген Kelly техникалық қызмет көрсету процедураларына сәйкес техникалық қызмет көрсетілмеген өнім жатпайды. Машинаға техникалық қызмет көрсетілмесе немесе толықтай дұрыс қолданылмаса, кепілдік өз күшін жояды.

Сатып алушы барлық кепілдік талабын дилерге жеткізуі керек. Ол, өз кезегінде, өзара талапты Kelly компаниясына жібереді. Kelly компаниясы қабылданған кепілдік талабының шығынын дилерге, ал ол сатып алушыға табыстайды.

Kelly компаниясы кепілдікті қабылдамай тұрып, нақты зақымның немесе ақаудың жазбаша, суретке не видеоға түсірілген құжаттамасын сұратуға құқылы. Барлық кепілдік сұрауы мен өтініштерді келесі мекенжайға жіберуге болады: warranty@kellytillage.com

Кепілдік бойынша барлық жөндеу, қызмет көрсету немесе өнімді өзгерту жұмыстарын Kelly компаниясының өкілетті жөндеу маманы орындауы және жұмысты жүргізбей тұрып, Kelly компаниясы алдын ала жазбаша түрде рұқсат беруі тиіс.

Kelly компаниясы оның сұрауы бойынша қайтарылатын кез келген ақаулы бөлшек үшін “Рұқсат етілген қайтару” ескертпесін шығарады. Әйтпесе талап қабылданбайды.

Кепілдікке, жұмысқа не бөлшектерге қатысты кез келген талапты Kelly веб-сайтындағы бекітілген кепілдік талабының үлгісінде толтыру керек.

Кепілдік талаптары жұмыс аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде сақталады. Нарықпен байланыс жөніндегі қызметкерден талапқа қатысты қосымша ақпарат сұралса, оны жіберуге 30 күніңіз болады. Жоғарыдағы нұсқаулар орындалмаса, кепілдік талабы қабылданбауы мүмкін.

Осы талапты толтырып, мақұлданғаннан кейін, дилер шотына өтемақы түседі.

Кепілдік алу үшін машинаны тіркеу үлгісін өндірушіге жіберу керек.

Машинаны тіркеу үлгісін онлайн толтырыңыз

Веб-сайттағы Resources (Ресурстар) бетіне өтіңіз

Қосымша 12 ай кепілдік алу үшін машинаны сатып алғаннан кейін 2 ай ішінде тіркеңіз
 Қосымша 12 айлық кепілдік алу үшін осы үлгіні толтырып, Kelly компаниясына онлайн,
 электрондық немесе кәдімгі пошта арқылы жіберу керек

Сатып алушы/иесі

Аты-жөні:

Мекенжайы:

Электрондық поштасы:

Байланыс нөмірі:

Сатып алу мәліметтері

Сатып алған күні:

Сатып алған жері:

Сатып алынған үлгі:

Сериялық нөмірі:

Kelly өнімдері туралы қайдан білдіңіз?

Айтулы күн

Отбасы

Газет-журнал:

Жергілікті дилер

Веб-сайт

Демонстрация:

Дос/көрші

Радио

Ақпарат көзі:

Бізді достарыңызға және отбасыңызға ұсынасыз ба (ұсыну ықтималдығын 1-ден 10-ға дейін бағалаңыз, 10 — ең жоғары мән)?

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

8 немесе одан төмен мәнді таңдаған болсаңыз, сіздің пікіріңізше 10-ға жету үшін не істеуіміз керек?

9 немесе одан жоғары мәнді таңдаған болсаңыз, бізге неліктен сондай баға бердіңіз?

Дилерге/агентке көңіл толу

Машина жағдайы алдын ала жеткізілген кезде қанағаттанарлықтай болды ма?

Иә

Жоқ

Агенттер өнімге қатысты ақпарат бойынша толықтай хабардар болды ма?

Иә

Жоқ

Агентті басқа фермерлерге ұсынар ма едіңіз?

Иә

Жоқ

Толтырылған үлгіні келесіге қайтарыңыз:

Пошта: PO Box 100, Booleroo Center SA 5482 Australia

Электрондық пошта: sales@kellytillage.com

НЕМЕСЕ машинаны тіркеу үлгісін онлайн толтырыңыз:

Веб-сайттағы Resources (Ресурстар) бетіне өтіңіз

Бөлім 2 - Машинаны пайдалану


Пайдалану алдында

- Осы нұсқаулықты мұқият оқып, түсініп алыңыз.
- Қозғалмалы бөлшектерге ілініп кетуі мүмкін бос киім кимеңіз.
- Қорғайтын киім мен аяқ киім киіп жүріңіз.
- Жабдықта ешқандай құрал жатпағанын тексеріңіз.
- Аймақ таза екеніне көз жеткізбестен, машинаны пайдаланбаңыз.
- Машина құрғақ аймақта немесе тұтанғыш заттар бар жерде қолданылса, өрттің алдын алу үшін мұқият болу керек және өрт сөндіру жабдықтары қолжетімді жерде болуы тиіс.
- Машинаны пайдаланбай тұрып, оның жұмысымен танысыңыз және басқа операторларды да таныстырыңыз.

Пайдалану алдындағы тексеру тізімі

1. Барлық дөңгелек сомыны, болты және сомыны дұрыс айналдыру моментімен бекітілген
2. Ажырамалы шплинттер орнында және бөлінген
3. Жапсырмалар мен ескерту белгілері орнында
4. Гидравликалық фитингілер берік және сұйықтық ағатын жерлер жоқ
5. Барлық серіппе 330 мм-ге қысылатындай етіп, шынжырлар реттелген
6. Шынжырлар тасымалдау тіректеріне бекітілетінін тексеру үшін машинаны жинаңыз
7. Шарнир құрылғылары қысқармағанын және еркін бұрылатынын тексеріңіз


Пайдалану алдында машина параметрлерін орнату



Төжегіш суппортының серіппесін суретте көрсетілген индикатор биіктігіне дейін қысыңыз. Қажет болса, жер жағдайларына сәйкес реттеңіз.


(Әдетте серіппе керілісін реттеп отыру қажет емес. Егістікке де, тас жолға да сәйкес келетін медиан орнатылымы қолайлы болып табылады. Аунақшалар тас жолда теңселсе, әрі қарай реттеңіз).

Қолданыстағы шынжыр түріне сәйкес келуі үшін, артқы шынжыр шектегішінің бекіту орнын реттеңіз. Төмендегі кестедегі ұсыныстарды қараңыз. Шынжырдың тозуы мен керілісі артқы шынжыр шектегішінің шынжырды ұстау тиімділігіне әсер ететінін ескеріңіз. Оны жиі бақылап отырсаңыз, машинаны жинаған кезде зақым келмейді.




	Yellow	Blue	Orange	Red
CL1	✓	✓✓	✓	X
CL2	X	✓	✓✓	✓✓
K4	✓	X	X	✓✓
W36	X	✓	✓✓	✓✓
SD49	X	✓	✓✓	✓
PCH	X	X	✓	✓✓

Қол тежегіш




Тежегішті орнату

Шынжыр конфигурациясына арналған толық жүктеме (алдыңғы/артқы)
(CL1/CL1, CL1/W36, CL1/SD49 SD49/SD49)




Шынжыр конфигурациясына арналған жартылай жүктеме (алдыңғы/артқы)
(W36/W36, Prickle Chain/ Prickle Chain)




Негізгі қолданыс

Маңызды орындар



Шынжыр тасушылар/
тасымалдау тіректері

Биіктікті реттейтін шынжырлар және
кертікті пластиналар



Шарнир болты


Ортаңғы раманың гидравликалық
цилиндр сұққыштары



Жаю

Жаю:

1. Тасымалдауға арналған қауіпсіздік тірегі тартқыш білеудің цилиндр соташығынан алып тастаңыз. Алып тастағаннан кейін оны алдыңғы А рамасының ұстағышында сақтаңыз. Алдыңғы цилиндрдің тереңдік шектегіші пластиналары цилиндр соташығына толықтай бекітілгенін тексеріңіз..




2. Машинаны айналып тексеріп шығыңыз.

- a. Шынжырлар қаңқаға ілінбегенін тексеріңіз.
- b. Әр шынжыр шетіндегі шарнир болттарының орнында екенін және сынбағанын тексеріңіз.
- c. Биіктікті реттейтін шынжыр тасымалдау кезінде керткікті пластинасынан түсіп қалмағанына көз жеткізіңіз.




Жаю

3. Жапсырманы жинау/жаю бойынша 4-6-қадамдарды орындаңыз.

а. Алдыңғы А рамасын жұмыс биіктігіне түсіріңіз.




б. Ортаңғы раманың гидравликалық цилиндр сұққыштары ойықтарының ортасына келгенше, гидравликалық тетікті ұстап тұрған қанаттарды жайыңыз.



Жаю

с. Артқы жағы және модульдер жұмыс позициясына толықтай түсірілгенше және қанатты созатын цилиндрлер шынжырды керіп, толықтай артқа қайтарылғанша, гидравликалық тетікті ұстап, артқы жағын түсіріңіз.



4. Шынжырдың барлық топсалы қосылысы түзу екенін және барлық шарнирдің жұмыс биіктігі өріс жағдайлары үшін жарамды екенін тексеріп шығыңыз. Қажет болса, түзетіңіз. Шынжыр биіктігін реттеу үшін 30-бетті қараңыз.

5. Барлық шынжырды жұмыс позициясына қойып, жүріңіз. Қажет болса, алдыңғы А рамасын және тартқыш білеуді тасымалдау биіктігіне көтеруге болады. Сол кезде алдыңғы шынжырлар жерден көтеріліп, тракторға түсетін жүк азаяды. Пайдалану жылдамдығына жеткен кезде, алдыңғы А рамасын түсіріңіз.


Жаю



Жинау

1. Жапсырманы жинау/жаю бойынша 1-3-қадамдарды орындаңыз.


- Алдыңғы А рамасын жұмыс биіктігіне түсіріңіз. Барлық шынжыр өздерінің тасымалдау тіректерінде дұрыс орналасқанын тексерген маңызды.
- Гидравликалық тетікті ұстап, артқы жақ пен модульдерді олар толықтай тоқтағанша көтеріңіз..




Жинау

с. Қанаттарды жинаңыз. Олар келесідей қозғалуы тиіс:

- Қанаттар тік тұрғанша, негізгі цилиндрлер (біреуі немесе екеуі) артқа қайтарылады
- Сол жақ сыртқы қанат, содан кейін оң жақ сыртқы қанат төмен бүктеледі




d. Алдыңғы А рамасын тасымалдау биіктігіне көтеріңіз.




2. Шынжырлар тасымалдау тіректерінде дұрыс орналасқанын тексеріп шығыңыз.

3. Тасымалдауға арналған қауіпсіздік тірегін тартқыш білеудің цилиндр соташығына орнатыңыз.



Жинау



Шынжырға шөп немесе топырақ тұрып қалса, машинаны тасымалдау үшін жинауға әрекеттенбеңіз: қосымша салмақ гидравликаға немесе рамаға зақым келтіруі мүмкін.

Бөлім 3 - Шынжырды пайдалану және дұрыс

Шынжыр керілісінің маңызы

Пайдалану


Кешет бірыңғай әрі тегіс болуы үшін, шынжыр керілісі маңызды. Шынжыр дұрыс керілсе, бақыланса және жүргізілсе, өзіңізге қажетті нәтижелерді аласыз. Шынжыр керілісі дұрыс болмаса:

- Машинаның өңдеу ені бойы жасайтын жұмысы тегіс болмайды
- Арамшөп тегіс жұлынбайды
- Тыңайтқыш топыраққа дұрыс сіңбейді
- Топырақ дұрыс тегістелмейді
- Шынжырдың топсалы қосылымы мерзімінен бұрын немесе тез тозады (кепілдік берілмейді)
- Шынжырлар жиналған кезде тасымалдау локаторларына ілінбейді
- Жинаған және жайған кезде машина зақымдалады
- Өріс жоталар мен атыздардан тұрып, тегіс болмайды.

Машина дұрыс реттелсе, бұл мәселе пайда болмайды.


Шынжыр керілісі - модульдер

1. Модульдің керіліс білігіндегі қарсысомынды босатыңыз.
2. Шынжыр керілісі дұрыс болуы үшін, серіппені ұстайтын шайбаның сыртқы беті керу корпусымен беттегенше, орнату сомынын сағат тілі бағытымен бекітіңіз. Серіппе ұзындығы — 330 мм.
3. Кергіш бұранданың 150 мм-ден көп бөлігі көрінсе, дұрыс шынжыр керілісін алу үшін шынжырдан бір топсалы қосылымды алып тастаңыз.
4. Қарсысомынды қайта бекітіңіз.




Шынжыр керілісі - модульдер


1.




2.



3.




4.




Шынжыр керілісі - алдыңғы шынжырлар

- Кергіш жинағының корпусына жақын қарсысомынды босату үшін жинақта берілген сомын кілтін пайдаланыңыз.
- Шиыршық серіппені 330 мм-ге қысу үшін шынжыр кергішінің болтын сағат тілі бағытымен бұраңыз. Оператор шынжырды жерде алға және артқа айналдырған кезде, серіппе орнатылған ұзындығын сақтаса, керіліс дұрыс болады.
- Қарсысомынды қайта бекітіңіз.
- Реттегіш болттағы бұранда 25 мм-ден аз көрінсе, топсалы қосылысты шынжырдан алып тастау керек.


1.




2.



3.




4.




Шынжыр керілісі - гидравликалық созатын артқы шынжырлар


1.




2.



3.



4.




Шынжыр қисығы

Шынжыр керілісі дұрыс болса, дискілер ұзына бойы бірдей айналады. Осылайша әр топсалы қосылым арасындағы қозғалыс азаяды. Шынжыр реттелмесе және бос жүрсе, қисық шынжыр айналған кезде, әр топсалы қосылым жеке топса ретінде әрекет етеді. Әр топсалы қосылым арасындағы тозу жылдамдығы қатты артып, мерзімінен бұрын ақау туындауы мүмкін. Шынжыр дискілерден бұрын тозбауы тиіс.

ТЕК ДҰРЫС РЕТТЕМЕУ ӘРЕКЕТІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОЗУҒА ӘКЕЛЕДІ

- Жұмыс істеген кезде шынжыр ортаңғы сызықтан 150 мм-ден аз шамада отыруы мүмкін.
- Тыныштық күйінде шынжыр 100 мм-ден аз шамада отыруы тиіс.



Индикатор сызығында жұмыс кезіндегі рұқсатты қисық көрсетіледі.


Шынжыр биіктігін дұрыс реттеу

Қанаттардағы шарнир биіктігін реттеу үшін төсемдердің біреуін бекітілген тірегіш түтіктің үстіне немесе астына қойыңыз. Әр қабылдағыш түтікте 25 мм құйылған төсемдердің алты жұбы бар. Кең таралған орнату жолы: құйылған төсемдердің үш жұбын төменге, үш жұбын жоғарыға орнату.

Төменде қабылдағыш түтік биіктігін реттеу процесі берілген.

1. Шынжыр керілісін толықтай босатыңыз
2. 2 x M10 болтты сәйкес төсем жинағынан алып тастап, екі жартысын қабылдағыш түтіктен алып тастаңыз
3. Қабылдағыш түтікті көтергеннен немесе түсіргеннен кейін оны таңдалған позицияда ауыстырыңыз
4. M10 болттарын қайта орнатып, шынжырды қайта керіңіз


Максималды түрде 100 мм реттеуге мүмкіндік беру арқылы барлық төсемді тірегіш түтіктің үстіне немесе астына орнатуға болады.




Шынжырдың бекіту пластинасының биіктігін реттеу

1. Реттеу қажет модуль шынжырын немесе шынжырдың бекіту пластинасын көтеру үшін трактор гидравликасын пайдаланыңыз. Тұтқаны тіреу үшін сәйкес бөгет немесе тірек қойыңыз. Биіктікті реттейтін шынжырлар босағанша, трактор гидравликасын қолданып, машинаны төмендетіңіз.
2. Серіппені ұстайтын қысқышты алып тастаңыз. Шынжырды пластинаның жоғарғы жағындағы кірес арқылы өткізу үшін шынжырды көтеру тұтқасындағы ойықтың жоғарғы жағына сырғытыңыз.
3. Қажетті күйге жеткен кезде, шынжырды төменге қайта сырғытыңыз. Реттеуде “1 топсалы қосылымға” қол жеткізу үшін шынжырды ойықтың жоғарғы жағына көтеріп, 1 топсалы қосылымды ойық арқылы өткізіп, 90 градусқа айналдырып, реттейтін шынжырдың келесі топсалық қосылымын сол ойыққа түсіруге мүмкіндік беріңіз. Реттеуде “½ топсалы қосылымға” қол жеткізу үшін шынжырды ойықтың жоғарғы жағына көтеріп, шынжырды көлденеңінен сырғытып, сол топсалы қосылымды екінші ойыққа түсіріңіз. Шынжыр қандай ойықтан басталғанына байланысты бұл әрекет шынжырдың бекіту пластинасын жарты топсалы қосылымға көтереді немесе түсіреді. Кез келген артық шынжырды екінші ойық арқылы артқа қайтаруға болады.

1. 4. Ұстайтын қысқышты орнатыңыз. Тіректі алып тастаңыз.




Алдыңғы А рамасының биіктігін реттеу



Алдыңғы шынжырдың екі бекіту пластинасындағы биіктікті реттейтін шынжырлар ұзындығын тексеріңіз. Шынжыр салбырап тұрмауы тиіс, ал жер мен машинаның ортаңғы сызығына жақын бірінші дискінің төменгі жағы арасында 25-65 мм бос аралық болуы тиіс.

Шынжырдың бекіту пластинасының артқы биіктігін реттеу



- Артқы екі бекіту пластинасындағы биіктікті реттейтін шынжырлар ұзындығын тексеріңіз.
- Жер мен соңғы диск арасында 25-51 мм бос аралық қалатындай етіп, сол жақ артқы шынжырдың бекіту пластинасындағы биіктікті реттейтін шынжыр реттелуі тиіс.
- Жер мен соңғы диск арасында 75-100 мм бос аралық қалатындай етіп, оң жақ артқы шынжырдың бекіту пластинасындағы биіктікті реттейтін шынжыр реттелуі тиіс. disc.

Мінсіз қолданыс нәтижелері үшін дәл реттеу


Көшет тегіс әрі мінсіз болуы үшін, белгілі бір аймақтарды реттеу қажет болуы мүмкін.

Әр шынжырдың алдыңғы және артқы биіктіктерін өзгерту арқылы көп жағдайда дұрыс реттеп, тегіс қылуға болады.

Әрбір шынжырдағы бастапқы диск тым төмен орнатылса, топырақ төбесі көтеріліп, келесі шынжырлар оны тегістемеуі мүмкін. Бұл жағдай әр шынжырдың алдыңғы, артқы шынжырлардың (кең нүкте) алдыңғы және машинаның алдыңғы (орталығының бір жағы) жағында орын алуы мүмкін.

Артқы диск тым төмен орнатылса, ол жырашық қалдырып, оны басқа шынжырлар толтыра алмауы мүмкін. Бұл жағдайды әр шынжырдың артқы жағынан, алдыңғы шынжырлардың артындағы қанаттарынан және ортаңғы сызыққа жақын, машинаның ең артқы жағынан тексеріңіз.

Шынжырлардың барлығының алдыңғы жағын жерден көтеріп, толықтай қазу үшін машинаға енгізілген қабаттасатын элементтер саны жеткілікті.



Қабаттасу


Топырақтың беткі қабатына байланысты оңтайлы орнатылым әртүрлі болуы мүмкін. Қалың шөпті және өңделмеген жерде шарнирді жерге қарай төмен орнатуға болады. Шынжырлар топыраққа жабысуы үшін, сирек шөпті немесе босаң жерде бастапқы дискілерді көтерген жөн.

Шарнирлер түсірілсе, дискілердің терең немесе агрессивті түрде қазуын тудырмайтынын білген маңызды. Оның әсерінен шарнир жабдығы және алғашқы екі шынжырдың топсалы қосылымдары мерзімінен бұрын тозады. Сондай-ақ жоталар мен атыздар пайда болады.

Қазу тиімділігі топырақ жағдайы мен дискілі шынжыр құрылымына байланысты болады. Дискілердің салмағы, пішіні, бұрышы мен аралығы — тиімділікке әсер ететін факторлар. Қатты, құрғақ топырақта дискілердің толықтай немесе тегіс қазуын күткен шындыққа жанаспайды. Бірақ олар қалдықтарды ажыратуда және тұқымның өсуіне әсер етуде жақсы нәтиже көрсетеді.


Конустық шынжыр шетінің (TCE) маңызы

TCE шеті дискілі шынжырдың тиімді қазу ұзындығын арттыру үшін жасалғанын атап өткен маңызды. Шарнир құрылғысы үстінде орналасу арқылы ол тіреу нүктесі мен бірінші тиімді кесу дискісі арасындағы аймақты азайтады.




Жүз диаметрлері шынжырлардың шетінде топырақ бетінің оңтайлы түрде өңделуін қамтамасыз ету үшін әзірленген. Сол себепті мақсат — мойынтірек биіктігін жерге параллель, шынжырдың ортаңғы сызығында орнату.

Пышақтар





Жарақат алмау үшін Kelly Tillage жүйесі қозғалып жатқан кезде (жоғары немесе төмен жиналған кезде не жұмыс қозғалысында болғанда), оны майламаңыз немесе қызмет көрсетпеңіз



Installation of chain




Item No.	Number
1	0221-NYL20
2	0211-20110ST
3	0802-PCHB55
4	0802-DCTP-20
5	0801-PCDCS55
6	0262-3-8X2
7	0803-CL1
8	0810-45A




Item No.	Number
1	0211-1255
2	0211-20110ST
3	0221-NYL12
4	0221-NYL20
5	0802-DCTP-20
6	0802-PCHB55
7	0801-PCDCS55
8	0810-45A
9	0803-K4









Item No.	Number
1	0211-20110ST
2	0221-NYL20
3	0801-PCDCS55
4	0802-DCTP-20
5	0802-PCHB55
6	0803-W36
7	0810-45A



Item No.	Number
1	0211-20110ST
2	0221-NYL20
3	0800-83.2
4	0801-PCDCS55
5	0802-PCHB55
6	0803-SD49



Item No.	Number
1	0221-NYL20
2	0211-20110ST
3	0802-PCHB55
4	0800-83.2
5	0803-PCH



Бөлім 4 - Гидравликалық реттік клапандар

Реттік клапанды шолу

Трактордағы гидравликалық ағын параметрі 20%-ға – максималды ағын минутына 30 литрге орнатылуы тиіс

Kelly Tillage жүйесіндегі реттік клапан коллекторы оңай және сенімді жұмысты қамтамасыз етеді. Коллектор қысымға сезімтал, дұрыс орнатылса, ол көп жыл бойы ақаусыз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жұмыс жағдайлары өзгерсе, әртүрлі клапандарға реттеу жүргізу қажет болуы мүмкін.

Бұл бөлім кез келген ақауды жоюға және тиісті реттеулер жүргізуге көмектесуі тиіс. Қайта бастау қажет болса, зауыттық параметрлер осы бөлімнің басында берілген.

Барлық гидравликалық құрамдас сияқты негізгі жау — ластану. Гидравликалық тізбек ластанбауы үшін, үнемі мұқият болу керек. Өздігінен тазаланатын сызықтық сүзгілер коллектордың қысым бөлімінде трактор шлангілеріне бекітіледі.

Клапан коллекторы Kelly Tillage жүйесінің жиналуын және жайылуын басқарады. Клапан коллекторын тракторға шлангілердің екі жұбы байланыстырады. Бір жұп артқы жағының және модульдің тізбегін басқарады. Екінші жұп қанаттарды жинайды және жаяды. Шлангілердің үшінші жұбы тартқыш білеу цилиндрін басқарады.

Май жинау және жаю ретінің бірінші кезеңіне бағытталады. Цилиндрлер өздерінің жүріс және қысым бекіткіштерінің шетіне жеткен кезде, реттік клапан іске қосылып, майдың келесі кезеңге ағуына мүмкіндік береді. Жүйе қысымы рұқсат берген кезде, реттік клапандар өздерін автоматты түрде қалпына келтіреді.

Сақтық шарасы ретінде клапан коллекторында жоғарғы/ортаңғы (O/C) немесе теңестіретін клапандар болады.

O/C клапандары:


- Трактор шлангілерінің біреуі ақаулы болса, артқы жағының немесе қанаттарының түсуіне жол бермейді.
- Тегіс жиналуға мүмкіндік береді.
- Қанаттарды жұмыс күйінде ұстап тұрады.

Жинау кезінде мәселе пайда болған жағдайда, машинаның зақымдалуын болдырмау үшін коллекторларда қысымды басқару клапандары болады.

Ескертпе. Клапан коллекторының максималды ағын шығыны — 30 л/мин.

Осы нұсқау мақсаттарын орындау үшін машинаның артқы жағында тұрып, алға қарау арқылы барлық бағытты тексеріңіз.

Реттік клапан коллекторы - диаграмма



1-қадам - артқы жағы мен модульдерін толықтай көтеріңіз

2-қадам - қанаттары жиналғанша көтеріңіз

1-кезең

S1 жабық, S2 жабық. Май негізгі қанат цилиндрлеріне ағуда


2-кезең

S1 ашық, S2 жабық. Май сол жақ сыртқы қанатқа ағуда

3-кезең

S1 және S2 ашық. Май оң жақ сыртқы қанатқа ағуда

3-қадам - алдыңғы тартқыш білеу жинағын толықтай көтеріңіз



1-қадам - алдыңғы тартқыш білеу жинағын жұмыс күйіне түсіріңіз

2-қадам - қанаттарды толықтай жайыңыз

1-кезең

S3 жабық. Май оң жақ сыртқы қанатқа ағуда

2-кезең

S3 ашық, S4 жабық. Май сол жақ сыртқы қанатқа ағуда

3-кезең

S3 және S4 ашық. Май негізгі қанаттарға, модульдерге және артқы жағына ағуда

3-қадам - артқы жағы мен модульдерін толықтай түсіріңіз

Клапан функциясының түсіндірмесі

Негізгі қанатты жинау тізбегі

- E Қанатты жинау цилиндрлерін кеңейту (жаю) үшін май ағынын арттыруға не азайтуға арналған ағын контроллері
- R Қанатты жинау цилиндрлерін қайтару (жинау) үшін май ағынын арттыруға не азайтуға арналған ағын контроллері
- S1 Негізгі цилиндрлер жабық (ішкі қанаттар тігінен жиналған) болғанша жабық күйде қалатын реттік клапан. Содан кейін ол сол жақ сыртқы қанаттың жиналуына мүмкіндік беру үшін ашылады
- S2 Сол жақ сыртқы қанат жиналғанға дейін жабық күйде қалатын реттік клапан. Содан кейін ол оң жақ сыртқы қанаттың жиналуына мүмкіндік беру үшін ашылады
- S3 Оң жақ сыртқы қанат тік күйге жайылғанға дейін жабық күйде қалатын реттік клапан. Содан кейін ол сол жақ сыртқы қанаттың жайылуына мүмкіндік беру үшін ашылады
- S4 Сол жақ сыртқы қанат тік күйге жайылғанға дейін жабық күйде қалатын реттік клапан. Содан кейін ол негізгі қанат цилиндрлерін созуға және екі негізгі қанатты жұмыс күйіне жаюға мүмкіндік беру үшін ашылады
- L1 Трактор шлангісі жұмыс істемеген жағдайда, негізгі қанаттарды орнында ұстап тұратын жүктемені ұстау клапан. Қанаттардың құлауына жол бермейді
- L3 Жұмыс істеген кезде оң жақ қанаттарды тік күйде ұстайтын жүктемені ұстау клапан
- L4 Жұмыс істеген кезде сол жақ қанаттарды тік күйде ұстайтын жүктемені ұстау клапан
- C1 Жайылған оң жақ сыртқы қанаттан май қайтаруға арналған кері клапан. S2 мәселесі сияқты көрінуі мүмкін
- C2 Жиналған сол жақ сыртқы қанаттан май қайтаруға арналған кері клапан. S3 мәселесі сияқты көрінуі мүмкін
- C3 Жайылған сол жақ сыртқы қанаттан май қайтаруға арналған кері клапан. S1 мәселесі сияқты көрінуі мүмкін
- C4 C5 Негізгі қанат цилиндрін жинаудан май қайтаруға арналған кері клапан. S4 мәселесі сияқты көрінуі мүмкін

Ескертпе - кері клапандар кейбір коллекторлардың артқы бетінде орналасқан. Кейбір клапандар барлық коллектор үлгісінде орнатылмайды.

Артқы жақтың және модульдің тізбегі

- L2 Артқы жақты көтерілген немесе жартылай көтерілген күйде ұстайтын жүктемені ұстау клапан
- L5 Ортаңғы модульдің екі шынжырын тасымалдау және сақтау үшін жоғары ұстайтын жүктемені ұстау клапан.

Зауыттық параметр: V12.5 реттік клапан коллекторларына арналған кесте

Клапан нөмірі	Зауыттық параметр - төменгі жақтан сағат тілі бағытына қарсы бұрылады	Қысымды арттыру үшін - бұрыңыз:	Қысымды азайту үшін - бұрыңыз:
S1	3 7/8	Сағат тілі бағытымен	Сағат тілі бағытына қарсы
S2	4 3/8	Сағат тілі бағытымен	Сағат тілі бағытына қарсы
S3	4 3/8	Сағат тілі бағытымен	Сағат тілі бағытына қарсы
S4	4 1/4	Сағат тілі бағытымен	Сағат тілі бағытына қарсы
L1	3 1/2	Сағат тілі бағытымен	Сағат тілі бағытына қарсы
L2	2	Сағат тілі бағытымен	Сағат тілі бағытына қарсы
L3	3 3/4	Сағат тілі бағытымен	Сағат тілі бағытына қарсы
L4	3 2/3	Сағат тілі бағытымен	Сағат тілі бағытына қарсы
L5	3 1/2	Сағат тілі бағытымен	Сағат тілі бағытына қарсы

Клапан нөмірі	Зауыттық параметр - төменгі жақтан сағат тілі бағытына қарсы бұрылады	Ағынды арттыру үшін - бұрыңыз:	Ағынды азайту үшін - бұрыңыз:
E	2 1/3	Сағат тілі бағытына қарсы бұру ағынды арттырады. Бір рет бұру 15 л/мин-қа тең.	Сағат тілі бағытымен бұру ағынды азайтады. Бір рет бұру 15 л/мин-қа тең.
R	2	Сағат тілі бағытына қарсы бұру ағынды арттырады. Бір рет бұру 15 л/мин-қа тең.	Сағат тілі бағытымен бұру ағынды азайтады. Бір рет бұру 15 л/мин-қа тең.

Коллектор үлгісіне қарамастан, бұл параметрлер барлық клапан үшін дұрыс немесе ең жақсы бастау нүктесі болып табылады.

692196, V12.5- бөлінген тізбек

Kelly бөлшек нөмірі: 0802-692196

Ромб тәрізді тістері бар 3009NT Kelly тырмасына арналған реттік клапанды (0802-692196, V12.5 - бөлінген тізбек) реттеу

Клапан блогының үлгі № клапан блогының сол жағында, алдыңғы жаққа жақын орналасқан.

Ішкі сүзгілер клапан блогының сол және оң жақ шеттерінде, сондай-ақ төменгі жағында орналасқан.

Артқы жақтағы шлангілер TR1 және TE1 ішінде орналасқанына көз жеткізіңіз.

- 1) Трактор гидравликасының ағынын 20%-ға немесе шамамен 30 л/мин-қа азайтыңыз.
- 2) Дискілерде жиналған топырақ сияқты артық салмақты алып тастау қажет болуы мүмкін.

Мәселе жинау немесе жаю реттілігінде екенін анықтаңыз.

Жаю = созу және Жинау = қайтару

Жинау мәселелері

Бұл клапан блогы екі тізбекке бөлінген. Шлангілердің бір жинағы артқы жақ пен модульдерді көтеру мен түсіруді қанатты жинаудан тәуелсіз басқарады.

- Алдымен артқы жақты көтеріңіз.
- Реттік клапанның S1 және S2 картридждеріндегі қарсысомынды босатыңыз.
- S1 және S2 төменгі шекке жеткенше, оларды (сағат тілі бағытымен) бұрау арқылы клапанның қысым параметрлерін арттырыңыз.
- Трактордың басқару клапаны арқылы жинау тізбегін іске қосыңыз. Негізгі қанаттар көтеріледі/жиналады. Сол және оң жақ сыртқы қанаттар жиналмайды.
- Сол жақ сыртқы қанат жиналғанша, S1 клапанын бұрап шығарыңыз (сағат тілі бағытына қарсы), содан кейін тағы $\frac{1}{2}$ бұрылысқа бұрыңыз. Оң жақ сыртқы қанат жиналмайды.
- Оң жақ сыртқы қанат жиналғанша, S2 клапанын бұрап шығарыңыз (сағат тілі бағытына қарсы), содан кейін тағы $\frac{1}{2}$ бұрылысқа бұрыңыз.

Жаю мәселелері

- Жаймай тұрып, дискілер тасымалдау тіректерінде және қоршауларында тұрып қалмағанын тексеріңіз.
- Реттік клапанның S3 және S4 картридждеріндегі қарсысомынды босатыңыз.
- S3 және S4 төменгі шекке жеткенше, оларды (сағат тілі бағытымен) бұраңыз. Енді трактордың басқару клапаны арқылы жаю тізбегін іске қосыңыз. Оң жақ сыртқы қанат жайылып, басқа ештеңе қозғалмайды.
- Сол жақ сыртқы қанат жайылғанша, S3 клапанын бұрап шығарыңыз (сағат тілі бағытына қарсы), содан кейін тағы $\frac{1}{2}$ бұрылысқа бұрыңыз. Негізгі қанаттар жайылмайды.
- Негізгі қанаттар жайылғанша, S4 клапанын бұрап шығарыңыз (сағат тілі бағытына қарсы), содан кейін тағы $\frac{1}{2}$ бұрылысқа бұрыңыз.
- Клапан блогы екі бөлікке бөлінгендіктен, артқы жақты және модульдерді түсіру үшін артқы жақтағы тізбекті іске қосу қажет.

Бірнеше трактор қолданылса, клапандарды қысымы ең төмен тракторға (әдетте ең ескі трактор) орнатыңыз.

Жоғарыдағы реттеулер жүргізілгеннің өзінде, мәселе шешілмесе, басқа кері клапандар мен жүктемені ұстау клапандарды тексеріңіз.

Клапандарды төменгі шекке дейін бұраңыз (сағат тілі бағытымен), содан кейін қайта шығарыңыз (сағат тілі бағытына қарсы).


Жүктемені ұстау клапандар

- L1 – 3,5 болады; негізгі қанаттарды еркін құлаудан қорғайды
- L2 – 2,25 болады; артқы жақты басқарады, оны сақтау және тасымалдау кезінде жоғары ұстайды
- L3 – 3,5 болады; оң жақ сыртқы қанаттағы құлыпталуды басқарады
- L4 – 3,25 болады; сол жақ сыртқы қанаттағы құлыпталуды басқарады
- L5 – 3,5 болады; модульдерді басқарады, оларды сақтау және тасымалдау кезінде жоғары ұстайды

Кері клапандар

Кері клапан ластануға байланысты ашық болса, оның симптомы сәйкес реттік клапан ашық тәрізді болады.

- C1 — жинау тізбегінде S2 (оң жақ сыртқы қанат) элементін айналып өтуге арналған кері клапан
- C2 — жаю тізбегінде S3 (сол жақ сыртқы қанат) элементін айналып өтуге арналған кері клапан
- C3 — жинау тізбегінде S1 (сол жақ сыртқы қанат) элементін айналып өтуге арналған кері клапан
- C4 — жаю тізбегінде S4 (негізгі қанат) элементін айналып өтуге арналған кері клапан



Бөлім 5 - Техникалық қызмет көрсету және тексеру

Техникалық қызмет көрсету және тексеру

Дұрыс техникалық қызмет көрсету — сіздің жауапкершілігіңіз

Машинада жұмыс істемей тұрып, барлық қозғалмалы бөлшек тоқтатылғанына көз жеткізіңіз

- Үнемі қауіпсіздік тірегін қолданып, дөңгелектерді тіреңіз
- Реттеу жүргізген кезде аса сақ болыңыз
- Қызмет көрсеткеннен кейін барлық құрал, бөлшек пен қызмет көрсету жабдығы алынғанын тексеріңіз
- Мерзімдік техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде қосалқы бөлшектер қажет болса, зауыттық түпнұсқа бөлшектерді пайдалану керек. Мақұлданбаған бөлшектер қолданылса және соның кесірінен зақым келсе, жабдық кез келген жолмен өзгертілсе, жарақат немесе кепілдік үшін Kelly Tillage компаниясы жауапты болмайды
- Техникалық қызмет көрсеткен кезде, жарамды өрт сөндіргіш пен алғашқы көмек сөмкесі дайын болуы тиіс.

Ұсынылған техникалық қызмет көрсетудің тексеру тізімі

Тексерілетін элементтер	Алғашқы пайдалану	Күнделікті	25 сағат сайын	Маусым алды
Гидравлика, шлангілер мен цилиндрлердің зақымдалуы және майдың ағып кетуі	✓	✓		✓
Ауаның жылыстауы және шлангілердің зақымдалуы	✓	✓		✓
Бекіткіштердің/ажырамалы сіргелердің босап кетуі немесе орнында жоқ болуы	✓	✓		✓
Ішпектердің, топсалардың және цилиндр істіктерінің тозбағанын тексеру және қажет болған жағдайда оларды ауыстыру				✓
Swivel unit бекіткіштері	✓	✓		✓
Swivel unit еркін және тегіс айналады		✓	✓	✓
Swivel unit температурасы: Орташа жұмыс температурасы 55°C, ақау +80°C температурада көрсетіледі	✓	✓		✓
Шиналарға қажетті қысымда жел берілген	✓	✓	✓	✓
Доңғалақ гайкалары дұрыс айналу моментімен бекітіледі	✓			✓
Доңғалақ мойынтіректерін тексеру	✓	✓	✓	✓
Шаңнан қорғайтын қалпақшаны тексеру және бекіту	✓		✓	✓
Тіркеп сүйрейдің құрылғының болттары дұрыс айналу моментімен қатайтылған	✓			✓
Диск ролингінің істіктері/құлыптау болттары орнында тұр	✓			✓
Тізбек дұрыс тартылған	✓	✓		✓
Шамдар дұрыс жұмыс істейді	✓	✓		✓
Ескерту белгілері бекітілген	✓	✓		✓
Доңғалақ мойынтіректерін майлау				✓
Доңғалақ тұтқасының жақтауын майлау (ТЕК 2006)			✓	✓
Доңғалақ көтергішінің төлкесін майлау (ТЕК 2006)			✓	✓
Ортаңғы цилиндр істіктерін x 2 майлау			✓	✓
Jockey wheel майлау (ТЕК 3009NT және 4012)			✓	✓
Қанатты тізбекті тартқыштың бұрандаларын майлау (ТЕК 3009NT және 4012)			✓	✓
Қанаттың топса тістерін x 8 майлау			✓	✓
Судың кіріп кетуіне жол бермеу үшін сақтау кезінде swivel unit блоктарын жабуды ұсынамыз.				



Жарақат алмау үшін Kelly Tillage жүйесі қозғалып жатқан кезде (жоғары немесе төмен жиналған кезде не жұмыс қозғалысында болғанда), оны майламаңыз немесе қызмет көрсетпеңіз

Шынжырды тексеру

- Дискілі шынжыр тозып, ұзаратын ысылту кезеңі болады.
- Жаңа машинаны жиі реттеп отыру қажет.
- Негізгі дискілі шынжырларды тексерген кезде модульдің дискілі шынжырларын тексеруді ұмытпаңыз.
- Уақыт өте келе дискілі шынжыр тозса, дискілі шынжыр керілісін сақтау үшін топсалы қосылымды алып тастау қажет болуы мүмкін.
Бұл — дискілі шынжырдың ұзақ жұмысын қамтамасыз етуге арналған ең маңызды тексеру және реттеу жұмысы.

Ақауларды жою

Kelly Tillage жүйесіндегі жұмыс мәселелерінің көп бөлігі дұрыс реттемеуден туындайды.

Ақауларды жою бөлімі кең тараған мәселелердің шешімін ұсыну арқылы көмектесуі мүмкін.

Симптом	Мәселе	Шешімі
Қанаттар секіреді	Қанат шинасының қысымы тым төмен	Шина қысымын 69 -беттен қараңыз техникалық сипаттамалар
	Пайдалану жылдамдығы өріс жағдайлары үшін тым көп	Пайдалану жылдамдығын 69 -беттен қараңыз
Шынжырдың топсалы қосылымдарының тозуы	Шынжыр тым бос. Жұмыс кезінде шынжыр артқа қайтады.	Шынжыр керілісін дұрыс орнату үшін 30 -бетті қараңыз
	Шарнир жерге тым жақын орнатылған.	40 - 41 -беттерді қараңыз
Шынжыр айналмайды	Шарнир құрылғысындағы мойынтірек ақауы	57-беттердегі күнделікті тексерістерді қараңыз
	Машинадағы алдыңғы шынжыр шарнирлері тым төмен Мойынтіректерді бөгде материалдар ластайды	40 - 41 -беттерді қараңыз
Тасымалдау дөңгелектеріндегі протектор біркелкі тозбаған	Шина қысымы тым төмен Қозғалыс жылдамдығы шамадан тыс	Дұрыс қысымға дейін жел беріңіз, 57-беттегі кестені қараңыз Үнемі қауіпсіз жылдамдықпен жүріңіз. 25 км/сағ МӘНІНЕН АСЫРМАҢЫЗ.
Шынжырлар тасымалдау тіректерінде дұрыс орналаспайды	Тасымалдау тірегі дұрыс қойылмаған	Шынжыр дұрыс орнатылғанша, тасымалдау тірегінің күйін реттеңіз
Operation leaves central ridge behind machine	Алдыңғы тізбектің бұрылыстары тым төмен	Тізбекті орнату тақтасының биіктігін қараңыз реттеу 38 -бетте
Шынжырлар тасымалдау тіректерінде дұрыс орналаспайды	Тасымалдау тірегі дұрыс қойылмаған	Тізбек дұрыс орналасқанша тасымалдау орнының дәлдігін реттеңіз



Шынжырға шөп немесе топырақ тұрып қалса, тасымалдау үшін жинауға әрекеттенбеңіз, себебі артық салмақ гидравликаны немесе раманы зақымдауы мүмкін

Ақауларды жою

Симптом	Мәселе	Шешімі
Жұмыс кезінде машинаның артқы ортаңғы жағында жота пайда болады	Алдыңғы шынжыр шарнирлері тым төмен	38 -беттегі “Шынжырдың бекіту пластинасының биіктігін реттеу” бөлімін қараңыз
Жұмыс кезінде машинаның артқы ортаңғы жағында атыз пайда болады	Артқы шынжыр шарнирлері тым төмен	38 -беттегі “Шынжырдың бекіту пластинасының биіктігін реттеу” бөлімін қараңыз
Машинаның сыртқы шетіндегі жота	Сәйкес артқы шынжырдың бастапқы шеті тым төмен	36-37 -беттегі қабылдағыш түтік биіктігін реттеу бөлімін қараңыз
Сыртқы шеттегі атыз	Алдыңғы шынжырдың артқы жағы тым төмен орнатылған	36-37 -беттегі қабылдағыш түтік биіктігін реттеу бөлімін қараңыз
Шынжыр дұрыс керілмеген	Шынжыр шамадан тыс тозған Топсалы қосылымды алып тастау қажет болуы мүмкін	Қажет болса, ауыстырыңыз Шынжырдың артық топсалы қосылымын алып тастаңыз

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

Келесіге қатысты мәселе:	Симптом	Бет
Жаю	Оң жақ қанат жиналған күйден көтерілмейді	61
	Оң жақ қанат көтеріледі, бірақ сол жақ қанат көтерілмейді	62
	Сыртқы қанаттардың екеуі де тік күйге келгенге дейін, ортаңғы цилиндрлер созылады	62
	Екі қанат тік тұрып, тоқтайды	63
	Мүлдем қозғалмайды	63
	Реттілік жұмыс істейді, бірақ қате бар	63
Жинау	Мүлдем қозғалмайды	64
	Екі қанат та тік тұрады, содан кейін сол жақ қанат жиналмайды.	64
	Екі ішкі қанат тік күйге келгенге дейін, сол жақ сыртқы қанат жиналады	65
	Екі ішкі қанат тік күйге келгенге дейін, оң жақ сыртқы қанат жиналады	65
	Негізгі қанаттар жиналады, сол жақ сыртқы қанат жиналады, оң жақ сыртқы қанат тік күйде тұрады	66
	Жиналған кезде сыртқы қанаттар соқтығысады	66
	Сол жақ сыртқы қанат тік күйде тұрады және оң жақ сыртқы қанат жоғары жиналады	67
	Реттілік жұмыс істейді, бірақ қате бар	67
	Мүлдем қозғалмайды	67
Жұмыс	Жұмыс кезінде қанаттар ортада салбырайды	68
Шешілмеген	Қызмет көрсету агентіне немесе өндірушіге хабарласыңыз	68

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

Қосарлы функция

12-нұсқалы коллектор артқы жақ бөлігін тәуелсіз көтеруге және түсіруге мүмкіндік береді. Яғни жолды немесе су жолын кесіп өткен кезде шынжырларды жерден көтеру үшін алдыңғы және артқы жақты жылдам көтеруге болады. Осылайша өріс бұрыштарына қайтып оралуға мүмкіндік беріп, шеткі жолдарда бұрылу тиімділігін жақсартады.

Ол үшін трактор пульттерінің 3 жұбы қажет. Шланг қосылымы мен бағытқа аздап өзгеріс енгізгеннен кейін, тракторда машинаны тек екі тізбекпен пайдалану мүмкін болады.

Жаю

Жаю кезінде келесі реттілікті орындау керек.

1. Алдыңғы тартқыш білеуді жұмыс биіктігіне түсіріңіз.
2. Негізгі орталық цилиндр сұққыштары ойықтарының ортасына келгенше, гидравликалық тетікті ұстап тұрған қанаттарды жайыңыз.
3. Артқы жағы және модульдер жұмыс позициясына толықтай түсірілгенше және қанатты созатын цилиндрлер шынжырды керіп, толықтай артқа қайтарылғанша, гидравликалық тетікті ұстап, артқы жағын түсіріңіз.

Қанаттарды жайған кезде оң жақ сыртқы қанат цилиндрлері толықтай созылғанша, май солай қарай бағытталады Содан кейін май S3 элементін ашып, сол жақ сыртқы қанат цилиндрлеріне ағады. Бұлар толықтай созылғаннан кейін, май қысымы S4 элементін ашып, ортаңғы раманың гидравликалық цилиндрлеріне ағып, созылған қанаттарды жерге итереді. Негізгі қанаттарды құлаудан қорғайтын және олардың түсуін басқаратын L1 жүктемені ұстау клапаны бар.

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

ОҢ ЖАҚ ҚАНАТ ЖИНАЛҒАН КҮЙДЕН КӨТЕРІЛМЕЙДІ

Оң жақ қанатты көтеру үшін қажет қысым трактор қысымынан көп болса, май ақпайды. Бұл жағдай шынжырда топырақ немесе басқа зат (олар шынжыр салмағын арттырады) көп болса орын алады. Бұл жағдай қысымы бастапқы гидравликалық май қысымынан төмен тракторларда да орын алуы мүмкін.

- S3 қысым параметрі тым төмен болса, ол жоғарғы қанатты көтеруден бұрын ашылуы мүмкін. Содан кейін май екінші қанатты көтеруге әрекеттенеді, ал ол тұрып қалып, қозғалмайды. Негізгі цилиндрлер қанаттарды бөлектеуге тырысады.
- Дискілі шынжыр тіректердің немесе қоршаулардың біреуінде, әсіресе артқы жағында тұрып қалып, қанаттың көтерілуіне жол бермеуі мүмкін. Бұл орын алса, әдетте жоғарғы қанат аздап көтеріліп, содан кейін тоқтағанын көресіз.
- Тығыздағыш немесе піспек жұмыс істемесе, май цилиндр піспегінің тығыздағышын айналып өтуі мүмкін. Майдың бір цилиндрге аққаны естіледі және сол цилиндр қалған цилиндрлермен салыстырғанда қызуы керек.
- Ластану әсерінен C4 немесе C5 кері клапандары ашық күйде қалуы мүмкін, осылайша майдың сол жақ қанатқа немесе негізгі цилиндрлерге ағуына мүмкіндік береді.

Шешімі

- Шынжырлардағы топырақ пен қалдықтарды кетіріңіз.
- Дискілі шынжыр тұрып қалуы мүмкін аймақтарды тексеріп, кронштейндерді немесе жинау процедурасын қолдау үшін реттеулер жүргізіңіз.
- S3 элементіндегі қысым параметрін оны сағат тілі бағытымен 1/2 айналымға бұру арқылы арттырыңыз (қажет болса, қайталаңыз).
- C4 немесе C5 кері клапанын алып тастап, тексеріңіз.
- Май коллектор арқылы ақса да, ешқандай қозғалыс болмаса, піспек тығыздағышы ақаулы болуы мүмкін. Мәселе себебі анықталғанша, цилиндрлерді ретімен оқшаулаңыз (ЕСКЕРТУ: цилиндрлерді алмай тұрып, қанаттарды тасымалдау күйіне жинаңыз, әйтпесе ӨЛІМ немесе ЖАРАҚАТ алу қаупі туындайды).
- Трактордың гидравликалық май қысымы жарамды (2200 фунт/шаршы дюйм / 151 бар) екенін тексеріңіз.

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

ОҢ ЖАҚ ҚАНАТ КӨТЕРІЛЕДІ, БІРАҚ СОЛ ЖАҚ ҚАНАТ КӨТЕРІЛМЕЙДІ

Сол жақ қанатты көтеру үшін қажет қысым трактор қысымынан көп болса, май ақпайды. Бұл жағдай шынжырда топырақ немесе басқа зат (олар шынжыр салмағын арттырады) көп болса орын алады. Бұл жағдай қысымы бастапқы гидравликалық май қысымынан төмен тракторларда да орын алуы мүмкін. Сол жақ қанат оң жақ қанатқа қарағанда ауырлау, сол себепті оны көтеру үшін көбірек қысым қажет болуы мүмкін.

- S3 қысым параметрі тым жоғары болса, май тұрып қалып, сол жақ қанат көтерілмейді.
- Дискілі шынжыр тіректердің біреуінде, әсіресе артқы "М" кронштейн тірегінде тұрып қалып, қанаттың көтерілуіне жол бермеуі мүмкін.
- Тығыздағыш немесе піспек жұмыс істемесе, май цилиндр піспегінің тығыздағышын айналып өтуі мүмкін. Майдың бір цилиндрге аққаны естіледі және сол цилиндр қалған цилиндрлермен салыстырғанда қызуы керек.
- Кері клапан ашық күйде тұрып қалып, майдың айналып өтуіне әкелуі мүмкін.

Шешімі

- Шынжырлардағы топырақ пен қалдықтарды кетіріңіз.
- Дискілі шынжыр тұрып қалуы мүмкін аймақтарды тексеріп, кронштейндерді немесе жинау процедурасын қолдау үшін реттеулер жүргізіңіз.
- S3 элементіндегі қысым параметрін оны сағат тілі бағытымен 1/2 айналымға бұру арқылы азайтыңыз (қажет болса, қайталаңыз).
- C4 кері клапанын алып тастап, тексеріңіз. Тазалап, қайта орнатыңыз.
- Май коллектор арқылы ақса да, ешқандай қозғалыс болмаса, піспек тығыздағышы ақаулы болуы мүмкін. Мәселе себебі анықталғанша, цилиндрлерді ретімен оқшаулаңыз (**ЕСКЕРТУ:** цилиндрлерді алмай тұрып, қанаттарды тасымалдау күйіне жинаңыз, әйтпесе **ӨЛІМ** немесе **ЖАРАҚАТ** алу қаупі туындайды).
- Трактордың гидравликалық май қысымы жарамды (2200 фунт/шаршы дюйм / 151 бар) екенін тексеріңіз.

СЫРТҚЫ ҚАНАТТАРДЫҢ ЕКЕУІ ДЕ ТІК КҮЙГЕ КЕЛГЕНГЕ ДЕЙІН, ОРТАҒЫ ЦИЛИНДРЛЕР СОЗЫЛАДЫ

Оң жақ қанатты көтеру үшін қажет қысым S3 арқылы орнатылғаннан көп болса, май S3 арқылы өтіп, сол жақ қанатқа ағады. Оң жақ қанат сол жақ қанаттың жоғарғы жағында болса және қозғалмаса, май S4 арқылы өтіп, негізгі қанат цилиндрлеріне ағады да, олардың сыртқы қанаттар жиналған күйде болған кезде созылуына әкеледі. Негізгі қанаттар жайылып, салмақ сыртқы қанаттардан тасымалданған кезде, май сыртқы қанат цилиндрлеріне ағып, қанаттардың түзелуіне әкеледі. Бұл жағдайға жол бермеңіз, себебі цилиндр соташықтары кесіліп, қанаттар бақылаусыз құлайды.

Ластану әсерінен C4 кері клапаны ашық күйде болса, осы симптом пайда болады.

Жоғарыда айтылғандай, шынжырдағы топырақ немесе қоқыс сыртқы қанаттарды көтеру үшін қажет жүктемені және жұмыс қысымын өзгертеді.

Шешімі

- Шынжырлар таза болса, S3 элементіндегі қысым параметрін арттырыңыз (оң жақ қанат көтеріледі).
- S4 элементіндегі қысым параметрін арттырыңыз (сол жақ қанат көтеріледі).
- C4 кері клапанын алып тастап, тексеріңіз. Шар және орындық айналасындағы бөгде материалдардың барлығын алып тастаңыз.

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

ЕКІ ҚАНАТ ТІК ТҰРЫП, ТОҚТАЙДЫ

Сыртқы қанаттар тік күйде тұрғаннан кейін, май қысымы S4 элементін ашып, негізгі қанат цилиндрлеріне ағады. L1 жүктемені ұстау клапаны қанаттардың құлауының алдын алады және олардың жұмыс күйіне түсуін басқарады.

Шешімі

- S4 элементіндегі қысым параметрін азайтып, ортасын сағат тілі бағытына қарсы 1/2 айналымға бұрып, тексеріңіз және қажет болса, қайталаңыз.
- Майдың бакқа қайта ағуына жол бермеу үшін L1 жүктемені ұстау клапанын тым жоғары мәнге орнатуға болады. L1 элементіндегі қысым параметрін САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН 1 айналымға бұру арқылы азайтыңыз.
- Трактордағы гидравликалық ағын тым төмен мәнге орнатылмағанын немесе өшірілмегенін тексеріңіз.
- Трактордың гидравликалық қысымын тексеріңіз (2200 фунт/шаршы дюйм - 151 бар мәнінен аспауы тиіс).
- Қызмет көрсету маманына хабарласыңыз. Май ағынын сынақтан өткізіңіз. Ағын болса, цилиндр піспегі тығыздағышының бүтіндігін тексеру үшін цилиндрлердің бір уақытта біреуін оқшаулаңыз (**ЕСКЕРТУ**: цилиндрлерді алмай тұрып, қанаттарды тасымалдау күйіне жинаңыз, әйтпесе ӨЛІМ немесе ЖАРАҚАТ алу қаупі туындайды).

МҮЛДЕМ ҚОЗҒАЛМАЙДЫ

Шешімі

- Бірінші тармақты қараңыз. Шынжырларды тексеріңіз және қажет болса, топырақ пен қоқыстарды алып тастаңыз.
- Шланг ұштары трактордың розеткаларына дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Трактордағы барлық шүмек пен электрондық тасымалдау құлпы ашық екенін тексеріңіз.
- Трактордағы гидравликалық ағын тым төмен мәнге орнатылмағанын немесе өшірілмегенін тексеріңіз.
- Трактордың гидравликалық қысымын тексеріңіз (2200 фунт/шаршы дюйм - 151 бар мәнінен аспауы тиіс).
- Қызмет көрсету маманына хабарласыңыз. Май ағынын сынақтан өткізіңіз. Ағын болса, цилиндр піспегі тығыздағышының бүтіндігін тексеру үшін цилиндрлердің бір уақытта біреуін оқшаулаңыз. (**ЕСКЕРТУ**: цилиндрлерді алмай тұрып, қанаттарды тасымалдау күйіне жинаңыз, әйтпесе ӨЛІМ немесе ЖАРАҚАТ алу қаупі туындайды).

РЕТТІЛІК ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ, БІРАҚ ҚАТЕ БАР

Реттік клапан коллекторының май ағын шығыны — 30 л/мин.

Бұл ағын кезінде реттік картридждер май ағынын көтере алады және дұрыс параметрлермен жұмыс істейді. Ағын жылдамдығы тым жоғары болса, коллекторда қысым түзіліп, реттік клапандарды мерзімінен бұрын немесе күтпеген жерден ығыстыруы мүмкін.

Шешімі

- Трактордың гидравликалық қашықтағы май ағындарын төмен деңгейге (20%) орнатыңыз.
- Трактордың гидравликалық тетігін ақырындап іске қосыңыз.
- Е ағынды басқару клапанын сағат тілі бағытына қарсы 2 айналымға бұру арқылы ағынды азайтыңыз.

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

Жинау

Жинау реті келесідей:

1. Алдыңғы тартқыш білеуді жұмыс биіктігіне түсіріңіз. (Барлық шынжыр өздерінің тасымалдау тіректерінде дұрыс орналасқанын тексерген маңызды).
2. Гидравликалық тетікті ұстап, артқы жақ пен модульдерді олар толықтай тоқтағанша көтеріңіз.
3. Қанаттарды жайыңыз. Олар келесідей қозғалуы тиіс: қанаттар тік тұрғанша, негізгі ортаңғы цилиндрлер (біреуі немесе екеуі) артқа қайтарылады. Сол жақ сыртқы қанат, содан кейін оң жақ сыртқы қанат төмен бүктеледі.
4. Алдыңғы тартқыш білеуді тасымалдау биіктігіне көтеріңіз.

Жиналу кезінде май тікелей негізгі қанат цилиндрлеріне ағады. Бұлардың барлығы жабық болса, май S1 элементін ашып, сол жақ сыртқы қанат цилиндрлеріне ағуға мүмкіндік туады. Бұл цилиндрлер жабық болса, май қысымы оң жақ сыртқы қанатты жинау үшін S2 элементін ашады.

МҮЛДЕМ ҚОЗҒАЛМАЙДЫ

Негізгі цилиндрлер трактордан майды бірінші болып қабылдайды және олар қанаттарды көтеруі тиіс. Күтілгендей жұмыс істемесе, бұл дискілерде топырақ мөлшері тым көп екенін білдіруі мүмкін. Артқы жақ көтерілмесе, шынжыр керілісі көтерілуге жол бермейтіндіктен, қанаттар көтерілмеуі мүмкін.

Шешімі

- Дискілерді топырақтан тазартыңыз.
- Қанаттарды жаймай тұрып, артқы жақ бөлікті толықтай көтеріңіз.

ЕКІ ҚАНАТ ТА ТІК ТҰРАДЫ, СОДАН KEЙІН СОЛ ЖАҚ ҚАНАТ ЖИНАЛМАЙДЫ

Май трактордан тікелей негізгі цилиндрлерге ағады. Көтерілгеннен кейін, май S1 элементін ашып, сол жақ сыртқы қанатқа ағуы тиіс. S1 мәні тым жоғары болса, май ағыны тұрып қалып, сол жақ сыртқы қанат жиналмайды.

L4 жүктемені ұстау клапаны жұмыс кезінде сол жақ қанатты тік күйде ұстау үшін қолданылады. L4 қысымы тым жоғары мәнге орнатылса, сол жақ қанат жиналмайды. L4 — сервожетегі бар клапан, оның жұмыс істеуі үшін, жүйе қысымы дұрыс болуы тиіс

Шешімі

- S1 элементіндегі қысым параметрін оны сағат тілі бағытына қарсы 1/2 айналымға бұру арқылы азайтыңыз (қажет болса, қайталаңыз).
- L4 элементіндегі қысым параметрін сағат тілі бағытына қарсы 1 айналымға бұру арқылы азайтыңыз.

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

ЕКІ ІШКІ ҚАНАТ ТІК КҮЙГЕ КЕЛГЕНГЕ ДЕЙІН, СОЛ ЖАҚ СЫРТҚЫ ҚАНАТ ЖИНАЛАДЫ

Қанаттарды тік күйге көтеру үшін қажет қысым S1 элементіндегі қысым параметрінен көп болса, май S1 арқылы өтіп, сол жақ сыртқы қанат цилиндрлерінің артқа қайтарылуына әкеледі. Бұл жағдай топырақ немесе қоқыс сияқты шамадан тыс жүктеме болғанда не шынжырлар блокталған және көмілген жағдайларда орын алуы мүмкін.

Ластану әсерінен C3 кері клапаны ашық күйде болса, осы симптом пайда болуы мүмкін.

Шешімі

- Шынжырларды тексеріп, қажет болса, топырақ пен қоқыстарды кетіріңіз. Блоктау барысында шынжырлар көмілген болса, машинаны жинауға әрекеттенбеңіз. Алдымен шынжырлардағы топырақты кетіріңіз.
- Шынжыр таза болса да, мәселе шешілмесе, S1 элементін реттеу қажет болуы мүмкін. Сағат тілі бағытымен 1/2 айналымға бұру арқылы қысым параметрін арттырыңыз.
- C3 кері клапанын алып тастап, тазалаңыз.

ЕКІ ІШКІ ҚАНАТ ТІК КҮЙГЕ КЕЛГЕНГЕ ДЕЙІН, ОҢ ЖАҚ СЫРТҚЫ ҚАНАТ ЖИНАЛАДЫ

Қалыпты жиналу процесінде сол жақ қанат оң жақ қанаттан бұрын жиналуы тиіс. S1 және S2 екеуінде де қысым параметрлері тым төмен болса да, екі қанат бірге қозғалады. Оң жақ сыртқы қанат бірінші қозғалуы үшін, C1 кері клапаны ашық болуы тиіс.

Шешімі

- C1 кері клапанын алып тастап, тазалаңыз.

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

НЕГІЗГІ ҚАНАТТАР ЖИНАЛАДЫ, СОЛ ЖАҚ СЫРТҚЫ ҚАНАТ ЖИНАЛАДЫ, СОДАН КЕЙІН ОҢ ЖАҚ СЫРТҚЫ ҚАНАТ ТІК КҮЙДЕ ТҰРАДЫ

Май сол жақ сыртқы қанат цилиндрлеріне ағады, осылайша сол жақ қанат төмен бүктеледі. Осы цилиндрлердің барлығы жабылғаннан кейін, май қысымы артып, S2 элементін ашады, содан кейін оң жақ сыртқы қанат цилиндрлеріне ағуға мүмкіндік туады. S2 мәні тым жоғары болса, сол жақ сыртқы қанат жиналғаннан кейін, май ағыны тұрып қалуы мүмкін.

L3 жүктемені ұстау клапаны жұмыс кезінде оң жақ қанатты тік күйде ұстау үшін қолданылады. L3 элементіндегі қысым параметрі тым жоғары болса, сол жақ қанат жиналмайды. L3 — сервожетегі бар клапан, оның жұмыс істеуі үшін, жүйе қысымы дұрыс болуы тиіс.

Шешімі

- S2 элементіндегі қысым параметрін оны сағат тілі бағытына қарсы 1/2 айналымға бұру арқылы азайтыңыз (қажет болса, қайталаңыз).
- L3 элементіндегі қысым параметрін сағат тілі бағытына қарсы 1 айналымға бұру арқылы азайтыңыз.

ЖИНАЛҒАН КЕЗДЕ СЫРТҚЫ ҚАНАТТАР СОҚТЫҒЫСАДЫ

Жинау процесі кезінде екі сыртқы қанат бір-біріне қарай жақындап жатқанын байқасаңыз, жұмысты дереу тоқтатып, артқа қайтаруыңыз керек. Қанаттарды тік күйге жайып, ақырын басынан бастаңыз. Қанаттар жекелей ретімен жиналуы тиіс. Екеуі де бірге жиналып жатса, май S2 элементінен мерзімінен бұрын өткен болуы керек. Оның себебі — S2 қысымы тым төмен мәнге орнатылған.

Шешімі

- S2 элементіндегі қысым параметрін оны сағат тілі бағытымен 1/2 айналымға бұру арқылы арттырыңыз (қажет болса, қайталаңыз).

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

СОЛ ЖАҚ СЫРТҚЫ ҚАНАТ ТІК КҮЙДЕ ТҰРАДЫ ЖӘНЕ ОҢ ЖАҚ СЫРТҚЫ ҚАНАТ ЖОҒАРЫ ЖИНАЛАДЫ

Негізгі қанаттар тік күйде тұрады, содан кейін сол жақ қанат қозғалмайды, бірақ оң жақ сыртқы қанат жоғары жиналады да, барлық қозғалыс тоқтайды. Оның себебі — өрістегі жұмыс кезінде қанатты тік күйде ұстайтын L4 жүктемені ұстау клапаны босатылмайды және қанаттың жиналуына жол бермейді. L4 ластанған болуы немесе ашық күйде тұрып қалуы мүмкін. L4 ақаулы болуы мүмкін, бірақ бұл жағдай сирек орын алады.

Шешімі

- L4 элементіндегі қысым параметрін оны сағат тілі бағытына қарсы 1/2 айналымға бұру арқылы азайтыңыз.

РЕТТІЛІК ЖАҚСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ, БІРАҚ ҚАТЕ БАР

Реттік клапан коллекторының май ағын шығыны — 30 л/мин.

Бұл ағын кезінде реттік картридждер май ағынын көтере алады және дұрыс параметрлермен жұмыс істейді. Ағын жылдамдығы тым жоғары болса, коллекторда қысым түзіліп, реттік клапандарды мерзімінен бұрын немесе күтпеген жерден ығыстыруы мүмкін.

Кейде кері клапандардың біреуінде бөгде заттар тұрып қалуы мүмкін. Бұл жағдай майдың қисынсыз жолмен ағуына әкеледі. Симптомдар бойынша клапанды реттеу керек, бірақ логикалық реттеу әрекетінің әсері болмайды.

Шешімі

- Трактордың гидравликалық қашықтағы май ағындарын төмен деңгейге (20%) орнатыңыз.
- Трактордың гидравликалық тетігін ақырындап іске қосыңыз.
- R ағынды басқару клапанын сағат тілі бағытымен 2 айналымға бұру арқылы ағынды азайтыңыз.

МҮЛДЕМ ҚОЗҒАЛМАЙДЫ

Шешімі

- Шланг ұштары трактордың розеткаларына дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Трактордағы барлық тоқтатқыш клапан мен электрондық тасымалдау құлпы ашық екенін тексеріңіз.
- Трактордағы гидравликалық ағын тым төмен мәнге орнатылмағанын немесе өшірілмегенін тексеріңіз.
- Трактордың гидравликалық қысымын тексеріңіз (2200 фунт/шаршы дюйм - 151 бар мәнінен аспауы тиіс).
- Қызмет көрсету маманына хабарласыңыз. Май ағынын сынақтан өткізіңіз. Ағын болса, цилиндр піспегі тығыздағышының бүтіндігін тексеру үшін цилиндрлердің бір уақытта біреуін оқшаулаңыз.

Ақауларды жою - гидравликалық реттік клапандар

Жұмыс

Жұмыс кезінде қанаттар ортада салбырайды

Қанаттардың екі жинағы да L4 және L3 жүктемені ұстау клапандары арқылы тікелей жұмыс күйінде құлыпталды. Осы клапандардағы қысым параметрі тым төмен болса, қанаттар дұрыс құлыпталмауы мүмкін.

Шешімі

- Сол жақ қанаттың салбырауы - L4 элементіндегі қысым параметрін оны САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫНА ҚАРСЫ 1/2 айналымға бұру арқылы арттырыңыз.
- Оң жақ қанаттың салбырауы - L3 элементіндегі қысым параметрін ОНЫ САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫНА ҚАРСЫ 1/2 айналымға бұру арқылы арттырыңыз.

Байланыс мәліметтері

БҰЛ РЕТТЕУЛЕРДЕН КЕЙІН МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕСЕ

Көмек алу үшін қызмет көрсету агентіне хабарласыңыз. Картридждердің біреуінде ақау болуы мүмкін. Клапан коллекторлары зауытта және жөнелтілмей тұрып қайтадан сынақтан өтеді. Құрастыру жөніндегі агент те өнімді жеткізбей тұрып, оның дұрыс жұмыс істейтінін тексереді. Клапандар кейде, бірақ өте сирек жұмыс істемей қалады. Оның себебі көп жағдайда ластану болып табылады.

Техникалық ұсыныстар және көмек алу үшін Kelly компаниясына хабарласуға да болады.

Телефон: +618 8667 2253

Электрондық пошта: sales@kellytillage.com

Бөлім 6 - Техникалық сипаттамалар

Пайдалану жылдамдықтары

Қалыпты жағдайлардағы ұсынылған пайдалану жылдамдықтары (барлық шынжыр түрімен)	
Пайдалану және жұмыс жылдамдықтары	10-12 kph
Тасымалдау/тиееу жылдамдығы	25 kph

Шина қысымы

Шина өлшемі	Қабат	кПа	БАР
400/55-22.5	18	350	3.4
10.0/75-15.3	14	300	3

3009NT техникалық сипаттамалары


3009NT үлгісі	
Пайдалану ені	10 +0.16/-0.13m
Тасымалдау ені	2.4 m
Тасымалдау биіктігі	3.35 m
Тасымалдау ұзындығы	11.61 + 0.25m

Болттың айналдыру моментін орнату

Болт түрі	Дөңгелек сомыны			U тәрізді болт			8.8 класты болт							10.9 класты болт		
	M12	M18	M20	M12	M16	M20	M6	M8	M10	M12	M16	M20	M24	M20	M24	M36
Болт өлшемі	M12	M18	M20	M12	M16	M20	M6	M8	M10	M12	M16	M20	M24	M20	M24	M36
Сомын кілті	19	27	30	19	24	30	10	13	17	19	24	30	36	30	36	55
Нм (макс.)	94	305	430	42	105	214	9.3	23	45	77	190	385	660	550	950	3070

Жоғарыдағы кестеде бекітілген айналдыру моменті орнатылымдарын тексеруге және жазып алуға құрастыратын адам жауапты және бұл оның мақұлданған сапаны бақылау жүйесіне сәйкес құжатқа енгізілуі керек.

[1] Дөңгелекті және шинаны күпшекке бекіткен кезде дөңгелек сомындарын тиісті керіліспен кірес тәрізді өтіп бекітіңіз. Ол үшін дөңгелек сомынын таңдап, бекітіңіз, содан кейін барлық дөңгелек сомыны бекітілгенше, күпшектің қарама-қарсы жағына өтіп, келесі дөңгелек сомынын бекітіңіз. Содан кейін барлық сомын бекемделгенше, процедураны қайталаңыз. Дөңгелек сомындарын бекіту үшін соққыш құрал пайдаланбаңыз.



Дөңгелек сомындарының дұрыс керілісін білу үшін болттың айналдыру моментін орнату кестесіндегі дөңгелек сомындарының өлшеміне сәйкес келетін керілісті қараңыз.

Айналдыру моментінің мәндері құрғақ бұрандалар мен беттер үшін көрсетілген, алайда бұрандаларға жемірілуден қорғайтын майлағышты аздап жағуға болады.

Дискілі шынжыр ұзындықтары және мөлшері

Үлгісі		Ұзындығы	K4	CL1	W36	SD49	Pickles Chain
3009NT	Алдыңғы оң жағы	5.48m	34	33	32	44	61
	Алдыңғы сол жағы	5.48m	34	33	32	44	61
	Артқы оң жағы	6.70m	41	41	39	53	74
	Артқы сол жағы	5.97m	34	30	29	40	55
	Алдыңғы модуль	1.99m	12	12	12	16	22
	Артқы модуль	1.65m	10	10	10	13	18

Шынжыр керілісі дұрыс болуы үшін, шынжырдың топсалы қосылыстарын шынжыр шетінен келесі жолмен алып тастау керек:

- K4 дискілі шынжыры: дискілі шынжыр шетінен оның топсалы қосылыс(тар)ын ажыратыңыз
- CL1 дискілі шынжыры: дискілі шынжыр шетінен оның топсалы қосылыс(тар)ын ажыратыңыз
- SD49 дискілі шынжыры: дискілі шынжыр шетінен оның топсалы қосылысын кесіп алыңыз
- W36 дискілі шынжыры: дискілі шынжыр шетінен оның топсалы қосылысын кесіп алыңыз
- Pickles Chain: тікенді шынжыр шетінен оның топсалы қосылысын кесіп алыңыз

Дәнекерленген дискілі шынжырды алу туралы видеоны ашу үшін келесі QR кодын сканерлеңіз.





Телефон: +61 8 8667 2253
Электрондық пошта: sales@kellytillage.com
kellytillage.com

Booleroo (Штаб-пәтер)
684 Kelly Road,
Booleroo Center SA 5482

Adelaide
28 Greenhill Road,
Wayville SA 5034

